

Ойлан, үлкендерге немесе өзіңнің қатарларыңа, өзіңнің ер жеткенінді дәлелдеу үшін ерте жыныстық қатынасқа түсудің қажеті қанша. Жыныстық қатынастан бүгін бас тарту, одан өмір бойы бас тарту дегенді білдірмейді. Тек қана осы мағыналы сәтке қадам басар кезде бір сәтке ойланғаның сенің болашақ өміріңнің өкінішсіз өтуіне өз септігін тигізері сөзсіз.

АИТВ/ЖИТС пен күресу үшін жеке басыңа қандай көмек көрсете алар едің?

АИТВ/ЖИТС жөнінде толыққанды ақпарат алу және оны өз денсаулығың үшін пайдалану.

Өз достарыңа және туысқандарыңа АИТВ/ЖИТС жөнінде көп білуге көмектес.


Өз құрбы-құрдастарыңның ортасында АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу жөнінде ақпаратты кеңінен тарат.

**ЖИТС–тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталық**



**ЖИТС  
және  
Жасөспірімдер**

Қызылорда қаласы, 3.Шүкіров к-сі, 52 А  
23-41-50 сенім телефоны



**1. ЖИТС** – бұл адамдардың жасына жынысына, ұлт-ұлысына, бай-кедейлігіне қарамайтын қатерлі де жұқпалы дерт. Бүгінде дүние жүзінде ЖИТС жұқтырғандардың саны 75 млн. Қазір жер шарындағы барлық мемлекетте осы қатерлі ауру тіркеліп отыр. АИТВ вирусын жұқтырғандардың саны күннен-күнге арта түсуде және жақын арада бұл індеттің тамырына балта шабылмайтыны анық, себебі ЖИТС пен нашақорлық өзара тығыз байланысты. Есірткі қабылдайтын адамдардың санының көбеюі –ЖИТС-тың таралуына бірден-бір себепкер.

## 2. Жасөспірімдер АИТВ-ЖИТС туралы не білуі керек?

ЖИТС-дегеніміз жұқтырылған иммунитет тапшылығының синдромы-дегенді білдіреді, ал АИТВ - адамның иммунитет тапшылығының вирусы. АИТВ-адам организмінде ұзақ жылдар өмір сүре береді. Сондықтан өзінің осы вирусты жұқтырғанын адамның өзі де білмеуі мүмкін. АИТВ-жұқырған адамның, сау адамнан ешқандай айырмашылығы болмайды. Бұл

аурудың белгілері әркімде әртүрлі болуы мүмкін. Тек қана дәрігердің көмегімен қаныңызды тексерту арқылы ғана біле аласыз.

## 3. Жасөспірімдер АИТВ вирусын қалай жұқтырады?

Егер сенің жасың 13 немесе 15-те болса, онда саған өмірмен қош айтысуға тура келеді дегенге сенер ме едің. Жоқ. Өйткені сізге өлім тек қарт адамдардың еншісіндегі дүние сияқты болып көрінеді. Бірақ есінде болсын ЖИТС ол жас таңдамайды. Қазір жер бетінде АИТВ вирусын жұқтырған қаншама мыңдаған сенің құрбы-құрдастарың бар. Олардың барлығы да болашағынан тек өлім күтіп отырғандар. Олар қалай жұқтырды, яғни АИТВ қалай беріледі. Жасөспірімдер де үлкендер сияқты жыныстық қатынас арқылы немесе ортақ инені пайдалану арқылы жұқтырады.

АИТВ адам ағзасының түрлі биологиялық сұйықтықтарында әр түрлі мөлшерде сақталады. Жоғары концентрацияда АИТВ қанда, спермада және ана сүтінде кездеседі.

- АИТВ-адам ағзасына үш жолмен енеді.
- АИТВ жұқтырған адаммен қорғалмаған жыныстық қатынас кезінде.
- АИТВ-сы бар адамның сау адамның қанына түсуі арқылы (ортақ инені, ыдысты пайдаланғанда, есірткі тұтынғанда)
- АИТВ-сы бар анадан балаға. (жүктілік кезінде және емізгенде)

## АИТВ жұқпайды.

АИТВ-сы бар адаммен ортақ ыдыс пайдаланғанда, бассейнге түскенде, қол алысқанда, құшақтасқанда, жөтелгенде және түшкіргенде, маса шаққанда, телефон тұтқалары арқылы және спорттық құрал-жабдықтарды ортақ пайдаланғанда.